

№ 2 дана

Тіркеу № 020

## «КазАзот» АҚ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

КазАзот 030-270-24 C

Ақтау.қ.  
2024ж.

№ 2 дана  
Тіркеу № 030

БЕКІТЕМІН:  
«КазАзот» АҚ  
Бас директоры  
А.А. Маулемешев

А.А. Маулемешев  
«15» 08 2024г.

### САЯСАТ

КазАзот 030-270-24 С еңбек қауіпсіздігі және еңбекті корғау саласы САЯСАТ	Бірінші рет енгізілді Барлығы <u>7</u> бет
--	---

Енгізілген күні: 15.08.2024

Ақтау.қ.  
2024ж.

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер .....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар .....	4
3. Негізгі мақсаттар мен міндеттер .....	5
4. Негізгі қағидаттар .....	6
5. Жауапкершілік пен өкілеттіктер .....	7
6. Қорытынды ережелер .....	7

## 1 Жалпы ережелер

1.1. «КазАзот» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы осы Саясат (бұдан әрі – Саясат) Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың қамтамасыз етуге бағытталған негізгі қағидаттарды, құндылықтарды және стандарттарды анықтайды.

1.2. Саясат негізгі мақсаттар мен міндеттерді, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыруды, жұмыс беруші мен қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стандарттарды сақтау және шараларды жүзеге асыру жауапкершілігін айқындаиды.

1.3. Осы Қоғам Саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Ұжымдық шартқа және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік күжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) сәйкес әзірленген.

1.5. Осы Саясат және оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

1.6. Саясат - кең ауқымды мұдделі тараптарға ұсынуға болатын жалпыға ортақ құжат.

## 2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

2.1. Осы Саясатта тиісті анықтамалары бар келесі қысқартулар мен терминдер пайдаланылған:

### **Еңбек қауіпсіздігі**

Еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-куйі.

### **ІНҚ**

Қоғамның ішкі нормативтік күжаты.

### **БӨАЖА Қоғам**

Бақылау-өлишеу аспаптары және автоматтандыру «КазАзот» акционерлік қоғамы.

### **Еңбекті қорғау**

Құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактика, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызмет процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

### **Өндірістік жарақат**

Қызметкер еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, оның еңбекке қабілеттілігін жоюға әкеп соққан, денсаулығының зақымдануы.

### **ЖСЖ**

Жылу - сумен жабдықтау

### **ҚР Еңбек кодексі**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

### **ЭЦ**

Электр цехы

<b>ЖжКОЖЦ</b>	Жабдықтарды және көліктерді орталықтандырылған жөндеу цехі
<b>ӘШБ</b>	Әкімшілік-шаруашылық бөлім
<b>СО</b>	Сынақ орталығы

2.2. Қолданылатын, бірақ осы Ережеде анықталмаған терминдер Қазақстан Республикасының Заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Қоғамның басқа да ЖТК-да қолданылатын мағынада қолданылады.

### 3 Негізгі мақсаттар мен міндеттер

#### 3.1 Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мақсаттары

3.1. Қоғам адам ағзасына зиянды газдар, сұйықтар және қатты химиялық заттар жоғары қысым, жоғары және төмен температура жағдайында өндөлетін және аппараттарда өндірілетін химиялық кесіпорын болып табылады.

Кесіпорын құрамына жеке құрылымдық өндірістік объектілер кіреді: аммиак өндірісі, әлсіз азот қышқылы цехи, күрделі минералды тыңайтқыштар өндірісі, сондай-ақ қосалқы цехтар (ӘЦ, ЖСЖ, БӘАЖА, ЖжКОЖЦ, СО, ӘШБ).

Қоғам өзінің өндірістік қызметін үздіксіз жақсартуға және өз қызметкерлері үшін қауіпсіз орта жасауға ұмтылады. Салалық ерекшеліктерді ескере отырып, Қоғам еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы келесі мақсаттарды белгіледі:

- 1) Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен басқа да нормативтік күжаттарының талаптарын сақтау;
- 3) Қауіпті өндірістік объектідегі авариялар мен оқыс оқигалардың қаупін азайту;
- 4) Өндірістік қызметпен байланысты жол-көлік оқигаларының тәуекелдерін төмендетеу;
- 5) Жұмыс орнындағы еңбек тиімділігін арттыру;
- 6) Өндірісті жаңғырту, қауіпсіз өндірістік процестерге көшу;
- 7) Қызметкерлер арасында қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәдениетін көтеруді қамтамасыз ету;
- 8) Өндірістегі жазатайым оқигалар мен өндірістік аурулардың себептеріне жүйелі талдау жүргізу және есепке алу;
- 9) Кесіпорынның өндіріс пен пайдаланудың барлық кезеңдерінде өнімнің қауіпсіздігіне қатысты әзірленген шараларды орындауға дайындығын қамтамасыз ету;
- 10) Осы Ережені орында үшін кесіпорын қызметкерлерін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- 11) Кесіпорында еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін қамтамасыз ету және жұмыс істеуі;
- 12) Мердігерлер үйымдарға енбекті қорғауды, өндірістік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндетті талаптарды белгілеу.

#### 3.2. Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері

Қоғам қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз ету үшін келесі міндеттерді шешу бойынша жүйелі жұмыс қажет:

- 1) Іштимал қауіпперді анықтау және жою үшін жұмыс орындарын тұрақты тексерулер мен талдаулар жүргізу.

- 2) Тәуекелдерді азайтуға және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған технологиялар мен жабдықтарды енгізу.
- 3) Қолданыстағы ережелерге сәйкес процедуralар мен саясаттарды үнемі жаңартып, бейімдеу.
- 4) Қызметкерлерге нормативтік талаптарды сақтау бойынша оқытуды өткізу.
- 5) Өндірістік процестерді мониторингілеу және бақылау жүйесін әзірлеу және енгізу.
- 6) Аварялық жағдайлардың алдын алу сценарийлерін жасау және тәуекелдерді бағалау.
- 7) Көлік паркін мониторингілеу және басқаруға арналған технологияларды енгізу.
- 8) Өнімділік пен тиімділікті арттыру мақсатында жұмыс процестерін талдау және онтайландыру.
- 9) Заманауи технологияларды енгізу және оларды пайдалану бойынша персоналды оқыту.
- 10) Заманауи автоматтандыру және бақылау жүйелерін енгізу.
- 11) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білім беру іс-шараларын, семинарлар мен тренингтер өткізу.
- 12) Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бастамаларды көтермелеу және қолдау.
- 13) Себептерін анықтау және олардың алдын алу шараларын әзірлеу мақсатында оқыс оқигалар мен жазатайым оқигаларды жүйелі зерттеу.
- 14) Талдау нәтижелері бойынша түзету әрекеттерін жүзеге асыру.
- 15) Өнім қауіпсіздігі мәселелері анықталған жағдайда іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жаңарту.
- 16) Қажетті ресурстарды, соның ішінде жабдықты, оқытуды және техникалық қолдауды үздіксіз қамтамасыз ету.
- 17) Қоғам персоналын қауіпсіздік техникасы ережелеріне үздіксіз оқыту және осы ережелермен мердігер үйымдарды таныстыру.

#### **4 Негізгі қағидаттар**

Жұмысшылардың қауіпсіздігі мен деңсаулығын, сондай-ақ еңбекті қорғаудың жоғары стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қоғам келесі қағидаттарды ұстанады:

- 1) қауіпсіздіктің басымдылығы: қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең жоғары басымдылық болып табылады және барлық өндірістік процестер қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай болуы керек;
- 2) жүйелік тәсіл: Ережені іске асыру жұмыс орнындағы жаракаттар мен қауіптің алдын алу бойынша кешенді шараларды қамтитын жүйелі тәсілге негізделген;
- 3) зандарды сақтау: Қоғам еңбекті қорғау саласындағы барлық қолданыстағы зандар мен ережелерді сақтауға ұмтылады, сондай-ақ жаңа стандарттарды әзірлеуге және енгізуге белсенді қатысады;
- 4) оқыту: Қоғам қызметкерлерін қауіпсіздік ережелері мен рәсімдеріне үнемі оқыту, сондай-ақ еңбекті қорғау саласында біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау;
- 5) персоналдың қатысуы: қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша кері байланыс пен ұсыныстар жүйесін қоса алғанда, қауіпсіздік процестеріне белсенді қатысуы;
- 6) стратегиялық жоспарлау: өндірістік қызметтегі өзгерістерге және технологиялық прогрессе сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стратегияларын әзірлеу және жүйелі түрде жаңарту;
- 7) жауапкершілік: қауіпсіздік үшін жауапкершілікті нақты бөлу, сондай-ақ белгіленген ережелер мен қауіпсіздік стандарттарын бұзған жағдайда санкцияларды енгізу;

8) үздіксіз жетілдіру: озық стандарттар мен технологияларды ескере отырып, еңбекті қорғау жүйесін тұрақты талдау және жетілдіру.

## 5 Жауапкершілік пен өкілеттік

Қоғамның әрбір қызметкеріне еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқаруға тікелей жауапкершілік артылады.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары барлық қарамағындағылардың өз рөлін түсінетініне, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды тиімді басқару үшін жеткілікті өкілеттігі мен кәсібілігіне сенімді болуы керек.

Қоғамның әрбір қызметкері өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде жіберілген кемшіліктер мен қателерді бағалау үшін жауапты болады.

Қоғам басшылығы Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саясатын іске асыру үшін толық жауапкершілікте болады.

## 6 Қорытынды ережелер

6.1 Осы Саясат Қоғамның дамуында және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында елеулі өзгерістер болған жағдайда қайта қаралады.

6.2 Қоғамға зиян келтіруге әкеп соққан ақпаратты жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның ішкі құжаттарын бұзған жағдайда кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

**Әзірлеуші:**

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

жөніндегі бас техникалық жетекші

A. Куаныш

**Келісілді:**

Өндірістік бақылау

департаментінің директоры

E. Пригода